

24 қыркүйек
Сейсенбі,
2024 жыл

uil-gazet@mail.ru

ОЙЫЛ

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

«ШӨП АЛЫП БОЛДЫҢ БА?»



Бұл екі адамның кездескенде қойылатын алғашқы сұрағы. Ауылдағы шаруасын ойлайтын адам малының қамын да ертерек қамтиды. Оның үстіне, «Бізде климаттық жағдай ескерілді. Қыс ұзап кетуі мүмкін деп шаруаларға бір жарым жылдық мал азығын дайындау тапсырылды» - деген еді Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаров кезекті бір жиында. Ал, біздің ауданда ертерек қамданғанның ешқандай зияны жоқ. Себебі, көктемгі су тасқынынан келген залалды жою, жолдарды қалпына келтіру жұмыстары әлі жүргізіліп жатыр. Демек, ауа-райының беріп тұрған мүмкіндігін пайдалана-

нып қалуымыз керек! «Арқаны кеңге салып» жүруге болмайды! Әрине, әзірге табиғат та қарасып тұр. Ауа-райы мал азығын дайындау мен егін орағы үшін тіпті қолайлы. Енді бір аптадан соң күздің алғашқы айы да аяқтаймыз! Осы уақытқа дейін шөбімізді тасып алмасақ, кімге ренжिमіз? Рас, жаңбыр жауса, басқаны айтпағанда жол қатынасының өзі көп шаруаға қолбайлау болады. Одан қалды күздің қысқа күні де «күрмеуге келмейді!». Ал, ауданда облыс әкімінің тапсырмасы қалай орындалып жатыр? Алдымен шаруашылықтар мен жеке тұрғындардың қысқа

түсетін малына талдау жасалып, есептелді. Демек, соған сәйкес, шартты мал басына шаққанда ауданда 212,1 мың тонна ірі сабақты мал азығы дайындалуы керек! Аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімінің ұсынған мәліметіне сүйенсек, ауданда мал азығын дайындау жұмыстары аяқталды. Тасымалдау жұмысы да аяқталуға таяу. Ауданда қолында төрт түлігін қыстатқалы отырған 1949 отбасы бар. Бүгінгі күні оның 1874-і ауласына шөбін түсіріп алды. Бұл да ресми дерек. Демек, аудан бойынша әлі 75 аулаға шөп түскен жоқ. Ал, енді шабылған шөптің сапасының төмен бо-

латынын кімге түсіндіреміз? «Көктемнің әр күні жылға азық» десек, күзде «ашық күннің бәрі жақсы!» Сондықтан, әлі де табиғаттың беріп тұрған мүмкіндігін тиімді пайдаланып қалуымыз керек! Ал, ертең «Қыстың қамын жазда ойламаған» тұрғынның ащы айқайы әлеуметтік желі арқылы Астанаға жетсе де, ол малына азық болмайды! Бірақ, ауласындағы азын-аулақ малға қажетті ауылға келіп тұрған шөпті жазда алмағанымен қоймай, біреуді кінәлаушылар табылады. Айтпақшы, «Шөп алып болдың ба?»

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.

«КӘСІПОДАК БАРЫСЫ» САЛМАҚТЫ ЖІГІТТЕРДІҢ САЙЫСЫ



Өткен аптада білім қызметкерлері салалық кәсіподағының 100 жылдығына орай қазақ күресінен "Кәсіподақ барысы-2024" республикалық турнирінің аудандық кезеңі өтті. Турнирдің басты мақсаты - Қазақстан Республикасының ұлттық спорт түрлерін дамыту арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыруды көздеген турнирдің аудандық кезеңінде 90 және 100 кг-ға дейінгі салмақ дәрежесінде балуандар өз бақтарын сынады. Жарыс нәтижесінде 90 кг-ға дейінгі салмақ дәрежесінде Қараой мектеп-балабақшасының мұғалімі Мұстафа Бисембаев жеңімпаз атанса, Муслим Жұмашев пен Әнуар Жұмабаевтар II-III орындарды

иеленді. Ал, 100 кг-ға дейінгілер арасындағы салмақ дәрежесінде Ж.Жүсімалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің мұғалімі Жәнібек Бисенғалиев жеңімпаз атанса, жүлделі II-III орындарды Рүстем Сағынғалиев пен Айдос Сапаров қанжығаларына байлады. Жеңімпаздар арнайы марапаттармен марапатталып, Білім және ғылым қызметкерлерінің аудандық кәсіподақ төрағасының демеушілігімен шипажайға жолдамалар табыс етілді. Ендігі кезекте турнирдің аудандық кезеңінің жеңімпаздары өз бақтарын облыс алаңында сынап, ауданның намысын қорғайды.

АСЫЛБАЕВТАР ОТБАСЫ - «АЛТЫН ШАҢЫРАҚ!»

ЖЕКЕ ТҰЛҒА БОЛЫП ҚАЛЫПТАСУ ҮШІН ОТБАСЫНЫҢ РӨЛІ ЕРЕКШЕ. ӨР АДАМНЫҢ ҚУАНЫШТЫ ҚЫЗЫҚТЫ ӨМІРІ ОТБАСЫНДА ӨТЕДІ. ОТБАСЫНЫҢ ҚАМҚОРШЫСЫ ДА ТІРЕГІ ДЕ - ӨКЕ.

Ұл бала әкеге еліктейді, әкеден алған тәрбиесін, көрген сүйіспеншілігі мен сыйластығын өз бойына қалыптастырады. Осындай үлгілі отбасылар біздің ауданда да жетерлік. Солардың бірі және бірегейі - облыстық Аналар кеңесінің ұйымдастыруымен Республикалық «Мәдениетті ана - мәдениетті ұлт» жобасының «Адал азамат тәрбиелеген отбасы» бағыты бойынша

50 жыл отасқан «Алтын шаңырақ» байқауына қатынасқан кептоғайлық Асылбаевтардың өнегелі отбасы «Алтын шаңырақ» иегері атанды. Бар саналы жұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған Базарбай ағай мен Ажархан апаның отбасыларына береке, бірлік пен татулық тілеймін!

А. МАМБЕТОВА,
Аудандық аналар кеңесі төрайымы.





АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ДАУЫС БЕРЕТІН УЧАСКЕҢІЗДІ
ҚАЛАЙ БІЛУГЕ БОЛАДЫ?

6 ҚАЗАН

ЖҰМЫС УАҚЫТЫ
САҒАТ 9:00 - 18:30 ДЕЙІН

109
ТӘУЛІК БОЙЫ
CALL - ОРТАЛЫҚҚА
ХАБАРЛАСУ

📞 🕒

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ, ҚАЛА ЖӘНЕ АУДАНДАР ӘКІМДІГІНІҢ РЕСМИ САЙТЫ АРҚЫЛЫ

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ	8/7132/416356
ӨЙТЕКЕ БИ АУДАНЫ	8/71339/21216
БАЙҒАНИН АУДАНЫ	8/71345/74049
	ішкі 1032
АЛҒА АУДАНЫ	8/71337/41800
МӨРТӨК АУДАНЫ	8/71335/21982
ҚОБДА АУДАНЫ	8/71341/21464
ҚАРҒАЛЫ АУДАНЫ	8/71342/22286
ТЕМІР АУДАНЫ	8/71346/22576
ОЙЫЛ АУДАНЫ	8/71332/21487
ЫРҒЫЗ АУДАНЫ	8/71343/79060
МҰҒАЛЖАР АУДАНЫ	8/71333/35159
ШАЛҚАР АУДАНЫ	8/71335/22895
ХРОМТАУ АУДАНЫ	8/71336/59973

РЕФЕРЕНДУМ-2024

АУДАНЫҚ АУМАҚТЫҚ РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЫ

Құрметті сайлаушылар!

Ойыл аудандық аумақтық референдум комиссиясы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 38-бабының 2-тармағына, «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңының 23-бабының 1-тармағының 3-тармақшасына сәйкес 2024 жылғы 6 қазанға тағайындалған Республикалық референдумда аудан сайлаушыларының дауыс беруі таңертеңгі сағат 7.00-де басталып, кешкі сағат 20.00-ге дейін төмендегі мекенжайларда орналасқан референдум учаскелерінде өтетінін хабарлайды:

№/с	Референдум учаскесінің нөмірі	Референдум учаскелерінің орналасқан орны және байланыс телефондары
1	№ 389	Ойыл ауылы, Көмжар көшесі 68, «Ойыл аудандық мәдениет үйі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 2-18-99
2	№ 390	Ойыл ауылы, Құрманов Исламғали көшесі 86, «Ж.Жүсімалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 2-17-30
3	№391	Ойыл ауылы, Шернияз Жарылғасұлы көшесі 36, «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығы ғимараты, телефон: 8 (71332) 2-20-14
4	№392	Ойыл ауылы, Аманкелді көшесі 2, «Ойыл қазақ орта мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 2-16-52
5	№568	Ойыл ауылы, Алтынсарин көшесі 19, «Ойыл денешынықтыру-сауықтыру кешені» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 72-0-09
6	№394	Қаракерем ауылы, Достық көшесі 3, «Қаракерем ауылдық клубы» ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-2-00
7	№395	Ақшатау ауылы, Ақжол көшесі 1а, «Ақшатау орта мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 72-0-81
8	№396	Құмжарған ауылы, Республика көшесі 23, «Құмжарған ауылдық клубы» ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-2-49
9	№397	Қаратал ауылы, Ж.Жүсімалиев көшесі 2, «Ш.Берсиев атындағы орта мектеп» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-0-92
10	№398	Қарасу ауылы, А.Жұбанов көшесі 5, «Құрманов бастауыш мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-2-28
11	№399	Аманкелді ауылы, Астана көшесі 16, Аманкелді ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-4-90
12	№400	Қарасу ауылы, Алашорда көшесі 7, Қарасу ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-4-89
13	№401	Кептоғай ауылы, Қазақстан көшесі 18, Кептоғай ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-5-11
14	№569	Кептоғай ауылы, Мектеп көшесі 4, «Құрман орта мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-5-44
15	№402	Шұбарши ауылы, Желтоқсан көшесі 19, Шұбарши ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-4-93
16	№404	Сарбие ауылы, Жастар көшесі 13,Сапақөл ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 35-2-50
17	№405	Қаракөл ауылы, Абай көшесі 10, «Қаракөл бастауыш мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-7-16
18	№406	Қараой ауылы, Еңбеккерлер көшесі 2, Қараой ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-6-01
19	№407	Құбасай ауылы, Қызылқорған көшесі 7, «Құбасай бастауыш мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-7-37
20	№408	Кемер ауылы, Бейбітшілік көшесі 15, Саралжын ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-0-01
21	№409	Шикүдық ауылы, Қ.Рысқұлбеков көшесі 18, «Шикүдық ауылдық клубы» ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-1-43
22	№410	Бестамқ ауылы, Тайсойған көшесі 6, Тайсойған ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-2-71
23	№411	Ақкемер ауылы, Жеткіншек көшесі 9, Ақкемер ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-0-82
24	№412	Ақжар ауылы, Мектеп көшесі 4, Ақжар ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-8-14
25	№413	Көсембай ауылы, Орталық көшесі 10, Көсембай ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-1-42

Ойыл аудандық референдум комиссиясы

«ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ТҮРҒЫНДАР ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТЫН АРТТЫРДЫ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ Қ.ТОҚАЕВТЫҢ «ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҒЫТЫ» ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫНДА АЙТЫЛҒАН ТАПСЫРМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ МАҚСАТЫНДА «ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМ» БІЛІМ БЕРУ ЖОБАСЫ БАСТАЛҒАН БОЛАТЫН.



Тамыз айында "Қарызсыз қоғам" білім беру жобасы аясында жоба кураторлары аудан орталығына келді. Бірнеше күнге жалғасқан семинарда аудан орталығындағы мемлекеттік мекеме қызметкерлері мен аудан жастары жоба кураторларынан білім алды. Тұрғындардың қаржылық сауатын арттыруға атсалысып жатқан қаржылық сарапшы

қаржы мәселесі қалай пайда болатынын, дәл қазіргі уақыттағы несие қарызының санын қалай азайтудың қандай жолдары бар екенін, алаяқтық әрекетті анықтау жолдарын және қаржы пирамидасынан қалай аулақ болу керек екенін түсіндірді. Ауданымызда өткен "Қарызсыз қоғам" білім беру жобасының алғашқы бес күндігінде курсты Ойыл ауылдық округі

бойынша 55 тыңдарман тамамдады. Шараға жоба менеджері Ақмарал Мұратқызы және аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев қатынасты. Бес күнге жалғасқан семинарда аудан орталығындағы мемлекеттік мекеме қызметкерлері мен аудан жастарына сертификат табысталды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ОЙЫЛ АУДАНЫҚ МӘСЛИХАТЫМЕН ҚАБЫЛДАНАТЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР ТУРАЛЫ



Ойыл аудандық мәслихаты «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабының 1 тармағының 1 тармақшасына сәйкес, «Азаматтар мен ұйымдардың Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметі актілерінің, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің нормаларын орындауына жәрдемдесуді» қамтамасыз ететін жергілікті өкілді орган болып табылады.

Ойыл аудандық мәслихатымен Әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге жататын нормативтік құқықтық актілерінің (бұдан әрі - НҚА) әзірленген жобалары мемлекеттік тіркеуге жіберілгенге дейін Әділет органдарымен міндетті түрде келісілуге жатады.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер жобаларын Әділет органдарының келісуі «Құқықтық актілер туралы» Заңында және Нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, келісу және мемлекеттік тіркеу қағидаларында (Әділет министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 5 шілдедегі № 464 бұйрығымен бекітілген) айқындалатын тәртіппен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі, құқық нормаларының бар-жоғы, азаматтардың құқықтары, бостандығы мен заңды мүдделеріне қайшы келетін ережелерді қамтымайтындығы және мемлекеттік тіркеу қажеттілігі тұрғысынан заң сараптама-

сәйкес қолданылмайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын қоспағанда).

Сондай-ақ, әзірлеуші мемлекеттік органдар кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының және осы орган жанындағы Сараптама кеңесі мүшелерінен сараптама қорытындыларын және азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша әзірлеушілер өз органдарының жанындағы Қоғамдық кеңестің ұсынымдарын алу Әділет органдарына келісім алу үшін міндетті шарттары болып табылады.

Осылайша, заңнамаға сәйкес келетін сапалы нормативтік құқықтық актілері бірнеше сатыдан өтіп Әділет органдарында тіркеледі. Аталған нормативтік құқықтық актілер келісу және қабылдау арқылы еліміздің заңдары тиімді жүзеге асырылады. Құқықтық актілердің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында түрлі жұмыстар жүргізіліп келеді. Аудандық мәслихатпен бекітілетін актілерді орындау үшін Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабының 1 тармағындағы 6-тармақшасын басшылыққа ала отырып, аудандық мәслихат тарапынан жергілікті атқарушы органға Ақтөбе облыстық мәслихатының шешімдері мен қағидалары және Ойыл аудандық мәслихат шешімдерінің аудан бойынша ауылдық округтерде орындалуына бақылау жүргізу қорытындысының нәтижесі бойынша бір аудан әкімінің орынбасары және үш ауылдық округ әкімдеріне аудан әкіміне ұсыныс жолданып, тиісті шаралар қабылдау үшін ұсынылды. 2024 жылдың 8 айының қорытындысы бойынша Ойыл аудандық мәслихатымен әзірлеуші органдардың ұсынуымен 15 НҚА жобаларына келісім беріліп, 8 НҚА тіркеуден өтті.

А. МУСИН,
Аудандық мәслихат аппаратының бөлім басшысы.

ЕГОВ.KZ ПОРТАЛЫНДА 270 НЫСАНДЫ БОЙЫНША ДЕКЛАРАЦИЯ ТАПСЫРУҒА БОЛАДЫ АҒЫМДАҒЫ АПТАНЫҢ СОҢЫНДА ҚАЗАҚСТАНДА КІРІСТЕР МЕН МҮЛІК ТУРАЛЫ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ДЕКЛАРАЦИЯЛАРДЫ ТАПСЫРУ МЕРЗІМІ АЯҚТАЛАДЫ. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРҒА ТЕҢЕСТІРІЛГЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР, БЮДЖЕТТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖӘНЕ КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК СЕКТОР СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ, СОНДАЙ-АҚ ОЛАРДЫҢ ЖҰБАЙЛАРЫ КІРІСТЕРІ МЕН МҮЛКІ ТУРАЛЫ ДЕКЛАРАЦИЯНЫ (270.00 Н.) ЕГОВ.KZ ПОРТАЛЫНЫҢ КӨМЕГІМЕН ҰСЫНА АЛАДЫ.

270-нысан бойынша кірістер мен мүлік туралы Декларацияны азаматтар активтер мен міндеттемелер туралы «кіріс» декларациясын (250.00-нысан) тапсырғаннан кейін ғана ұсына алады. 270.00 декларациясын 15 қыркүйекке (қоса алғанда) дейінгі мерзімде ұсыну қажет. Декларацияда төлем көзінен салық салынатын кірістер, сондай-ақ шетелде мүліктің болуы (жылжымайтын мүлік, көлік, шетелдік компаниядағы үлестер, бағалы қағаздар, цифрлық активтер, инвестициялық алтын, туынды қаржы құралдары және тұрғын үй құрылысына қатысу үлестері) көрсетілуі қажет. Мүлікті сатып алу және (немесе) иеліктен шығару туралы, сондай-ақ есепті салық кезеңі ішінде жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын сатып

алуға арналған шығыстарды жабу көздері туралы ақпаратты «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңына сәйкес декларацияны ұсыну жөніндегі міндеттеме қолданылатын тұлғалар көрсетеді. Жеке тұлғаның кірістері мен мүлкі туралы декларацияны қабылдау қызметі eGov.kz порталында «Азаматтарға» - «Кеден және салықтар» - «Салық салу» бөлімінде қолжетімді. eGov.kz порталында көрсетілетін қызметті алу үшін: - Порталда авторизациядан өту және «Онлайн сұрау» ба- тырмасын басу қажет; - Декларацияны толтырып, тиісті мемлекеттік кірістер органын таңдау керек; - Электрондық цифрлық қолтаңбамен (ЭЦҚ) немесе бір реттік СМС парольмен қол қою керек;

- Жеке кабинетте («Қызметтерді алу тарихы») бөлімінде) мемлекеттік кіріс органының салық есептілігін электрондық түрде қабылдағаны немесе қабылдамағаны туралы хабарламамен танысу қажет. Сондай-ақ декларацияны kgd.gov.kz порталында және eSalyq Azamat мобильді қосымшасында «Салық төлеушінің кабинеті» арқылы ұсынуға болады. Қызмет ҚР Қаржы министрлігінің, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитетінің және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ бірлескен жұмысының арқасында іске асырылды.

Жайнағұл СЕЙДАХМЕТОВА,
«ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы.

УСПЕТЬ ВСЕ: ПОДАТЬ ДЕКЛАРАЦИЮ ПО ФОРМЕ 270 МОЖНО НА ПОРТАЛЕ ЕГОВ.KZ В КОНЦЕ ТЕКУЩЕЙ НЕДЕЛИ В КАЗАХСТАНЕ ПОДХОДИТ СРОК СДАЧИ ЭЛЕКТРОННЫХ ДЕКЛАРАЦИЙ О ДОХОДАХ И ИМУЩЕСТВЕ. ГОСУДАРСТВЕННЫЕ СЛУЖАЩИЕ И ПРИРАВНЕННЫЕ К НИМ ЛИЦА, РАБОТНИКИ БЮДЖЕТНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ И СУБЪЕКТОВ КВАЗИГОССЕКТОРА, А ТАКЖЕ ИХ СУПРУГИ МОГУТ ПРЕДСТАВИТЬ ДЕКЛАРАЦИЮ О ДОХОДАХ И ИМУЩЕСТВЕ (Ф.270.00) С ПОМОЩЬЮ ПОРТАЛА ЕГОВ.KZ.

Декларация о доходах и имуществе по форме 270 предоставляется только после сдачи гражданами «входной» декларации об активах и обязательствах (форма 250.00). Декларацию 270.00 необходимо предоставить в срок до 15 сентября включительно. В декларации необходимо отразить доходы, облагаемые у источника выплаты, а также наличие имущества за рубежом (недвижимость, транспорт, доли в иностранной компании, ценные бумаги, цифровые активы, инвестиционное золото, производные финансовые инструменты и доли участия в жилищном строительстве). Информацию о приобретении и (или) отчуждении имущества, а также об источниках покрытия расходов на приобретение в течение отчет-

ного налогового периода недвижимости и транспортных средствах указывают лица, на которых распространяется обязательство по представлению декларации в соответствии с Законом РК «О противодействии коррупции». Услуга по приему декларации о доходах и имуществе физлица доступна на портале eGov.kz в разделе «Гражданин» - «Таможня и налоги» - «Налогообложение». Для получения услуги на портале eGov.kz пользователю необходимо: - Авторизоваться на портале и перейти по кнопке «Заказать услугу онлайн»; - Заполнить декларацию, выбрать соответствующий орган государственных доходов; - Подписать электронной цифровой подписью (ЭЦП) либо одноразовым СМС паролем;

- В личном кабинете (в разделе «История получения услуг») ознакомиться с уведомлением о принятии или непринятии налоговой отчетности органом государственности доходов в электронном виде. Также декларацию можно представить через «Кабинет налогоплательщика» на портале kgd.gov.kz и в мобильном приложении eSalyq Azamat. Услуга реализована благодаря совместной работе Министерства финансов РК, Комитета государственных услуг Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности РК и АО «Национальные информационные технологии».

Жайнағұл СЕЙДАХМЕТОВА,
Управление по связям с общественностью АО «ННТ».

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ЕГОВ.KZ ПОРТАЛЫНЫҢ КӨМЕГІМЕН БАНКТІК ҚАРЫЗДАРДЫ АЛУДАН ШЕКСІЗ МЕРЗІМГЕ БАС ТАРТА АЛАДЫ

Енді ҚР азаматтары eGov.kz порталындағы көрсетілетін қызметтің көмегімен банктік қарыздар мен микрокредиттерді алудан шексіз уақытқа өз еркімен бас тарта алады. Сервисі пайдалануға тек азаматтың өзі ғана өтінім бере алады. Кредиттер мен шағын қарыздарды ресімдеуге тыйым салу мерзімсіз уақытқа қойылады. Сондай-ақ, пайдаланушы кез келген уақытта несиелер мен қарыздарды алуға белгіленген шектеулерді алып тастай алады. Ол үшін eGov.kz порталында қызмет көрсетуді мерзімінен бұрын тоқтатуға өтінім беру қажет. Қызметті алу үшін:

- eGov.kz порталында авторизациядан өтіп, «Кеден және салықтар» бөліміне өтініз; - тізімнен «Экономика және қаржы» бөлімін таңдап, «Банктік несиелерді, микрокредиттерді алудан ерікті бас тарту» қызметін таңдаңыз; - қажетті жолдарды толтырып, ЭЦҚ көмегімен өтінімге қол қойыңыз; - көрсетілетін қызмет нәтижесімен Жеке кабинетте танысуға болады. Бұрын белгіленген шектеулерді алып тастау үшін пайдаланушы: - «Банктік несиелерді, микрокредиттерді алудан ерікті бас тарту» қызметін таңдаңыз; - «Жазылудан бас тартқыңыз келе ме?» деген сұраққа «Иә»

деп жауап беріңіз және қол қойдың қолжетімді әдістерінің бірімен өтінімге қол қойыңыз. Сервис жеке тұлғаның банктік қарыздар мен микрокредиттер алудан ерікті түрде бас тартуды жою құқығын бекітуді кездейтін заңнамалық актілерге түзетулер шеңберінде іске асырылғанын атап өтеміз. Сервис ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ жұмысының аясында қолжетімді болды.

Жайнағұл СЕЙДАХМЕТОВА,
«ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы.

КАЗАХСТАНЦЫ МОГУТ БЕССРОЧНО ОТКАЗАТЬСЯ ОТ ПОЛУЧЕНИЯ БАНКОВСКИХ ЗАЙМОВ С ПОМОЩЬЮ ПОРТАЛА ЕГОВ.KZ

Теперь граждане РК могут добровольно отказаться от получения банковских займов и микрокредитов на неограниченное количество времени с помощью услуги на портале eGov.kz. Подать заявку на использование сервиса может только сам гражданин. Запрет на оформление кредитов и микрозаймов устанавливается на бессрочный срок. Также пользователь в любое время может снять установленные ограничения на получение кредитов и займов. Для этого необходимо подать заявку на досрочное прекращение оказания услуги на портале eGov.kz. Для получения услуги пользователю необходимо:

- авторизоваться на портале eGov.kz и перейти в раздел «Таможня и налоги»; - выбрать из списка раздел «Экономика и финансы», выбрать услугу «Добровольный отказ от получения банковских займов, микрокредитов»; - заполнить необходимые поля и подписать заявку с помощью ЭЦП; - ознакомиться с результатом услуги можно в Личном кабинете. Для снятия ранее установленных ограничений пользователю необходимо: - выбрать услугу «Добровольный отказ от получения банковских займов, микрокредитов»; - на вопрос «Хотите ли отписаться?» ответить «Да» и под-

писать заявку одним из доступных методов подписания. Отметим, сервис реализован в рамках поправок в законодательные акты, предусматривающие закрепление права физлица на устранение добровольного отказа от получения банковских займов и микрокредитов. Сервис стал доступен благодаря Комитету государственных услуг Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности РК, ТОО «Первое кредитное бюро» и АО «Национальные информационные технологии».

Жайнағұл СЕЙДАХМЕТОВА,
Управление по связям с общественностью АО «ННТ».

ҚҰАН ДЫҚ ТҮМЕНБАЙ

Арасында тарс етіп атылып жатқан табиғи артиллерия да бар. Мысықша басып есік алдына шықтым. Ол үй алдындағы көрі талдың түбінде көлеңдеп тұр екен, менің сұлбамды көре сап қолын бұлғады. Солай қарай жүгірдім. Қасына келісімен талдың ар жағындағы жіңішке өскен қара ағаштарға қарай саусағымнан ұстап сәл тартқандай болды. Тік бақай қара ағаштардың арасына кірісімен әуелі екі бетімнен, сосын ернімнен шүйіле сүйгенде дем ала алмай қалдым. Әуелі көрісе, содан кейін «Я тебя люблю!» дегенде тұлабойым мұздай боп кетті. Іле «Мен сені сүйемін» деп қараңғыда тура қарады, күлімсіреп тұр ма, елде бетіме безеріп қарады ма, білмедім. «Мен де» деген сөз аузымнан шығып кетті. Сол жердегі сірестіріп қағып тастаған екі адамдық орындыққа отырдық. Ол мені қапсыра құшақтап алды. Денесі сондай ыстық. Апам айтатын – «кәрістер ит жейді, Шан-Ген жылда соғымға бір ит сояды» деп. – Олардың қолқаны атқан иісі болады, суыққа тоңбайды. Соғыс кезінде қақаған қыста біз дірдектеп жүргенде олардың қатыны да, еркегі де жалаңбас жүре береді» дегені есіме түсті. Мейлі, кім не десе о десін, әйтеуір Фросяның денесі оттай ыстық, тиген сайын денемді өртеп барады. Иісі қандай әдемі. Ернімді өпкенде дем ала алмай қалдым. «Болды» дедім ернімді қолымның сыртымен бір сүртіп тастап. Ол «Бірінші рет, өмірімде бірінші рет» деді дауысы дірілдеп. Осылай жеті күн жұп жазбай кездесіп жүрдік. Бір күні ертеңгілік жиын бітіп, мен горнды, Уақит барабанды орнына қойып келе жатқанда Галя Тайманова қарсы алдымнан шығып, түсін суыта қарады. – Анау көріс қыздың менен қай жері артық, - деді өзін зор санап. Үндей алмадым. – Бүгін 11-де, бәрі ұйықтаған соң есік алдына кел. Талдың түбіне, - деді қазақшаны әрең сөйлеп, бұйрық раймен. – Мақұл. Басқа не дерсің. Тәжірибе жоқ қой. Әйтпесе басқаша жауап берер едім. Галя сөйлегенде аға пионер вожатый да үндемей қалады. Сөйтсек әкесінің қызметінен сескенеді екен. Менің әкем де лауазымдыларды слайды. Өзі өмір бойы қой фермасының меңгерушісі болған, қызметі төмендермен қиас сөйлесе, СПТУ-да оқитын балдармен дос болсам, «кілең тректірдің оқуында оқитындармен жүресің» деп көңілі толмайды. «Солар шөбінді түсіріп береді ғой» десем, «қолардың ішінде де тәуірлері бар ғой» деп жуып-шаряды. «Енді кімдерге жақын жүрейің?» десем, «Дәулердің балдарымен жолдас бол, олардың болашағы зор» дейді. Сол сөз де ызындап миямды жаулап алды. Оның үстіне аудандық оқу бөлімі бастығының қызы қандай болады екен, соны да бір байқап көрейін дедім. Әйтеуір сертімде тұрып, түнгі 11-де Галя айтқан жерге келдім. Ол жоқ. Бұл қалай? Фрося менен бұрын келіп, күтіп тұрушы еді. Шақырған адам бірінші келмей ме деп дызақтай бергенімде есіктен шыққан қыз сұлбасы көрінді. Кәрі талға қарай маңғаз басып келе жатыр. Аяғына іле салған тор-тор шәркей, үстіне қысқа етек көйлек киген. Топ-томпақ тізесі тоқпақтай боп бүрсең-бүрсең етеді. Фрося мұндай емес, тойға келгендей әдемі киініп шығатын. Ұзын етек көйлек киіп, қазақтың қызындай өрілген қос бұрмы арқасында салбырап тұратын. Мына қыз жалбырап, бетіне түскен шашын анда-санда құлағының түбіне қарай ысырып қояды. Дәл бір кинодағыдай бейне.

Ай сәулесі астында да қабағы түюлі, адамға деген бір жылуы жоқ. Оның әкесі аудандық оқу бөлімінің бастығы болса, менің ағам облыс прокуроры, атам Социалистік Еңбек Ері. Осыны енді ғана ойлап тұрмын. – Көріс қыздың несі артық екен? - деді ө дегеннен шап етіп. Қазақшасы да онша қиылыспай тұр.

ШЕМІШКЕ

(Әңгіме)

Бетін жаба берген шашын уыстап ап құлағының түбіне жинады. Бірақ, шаш қыздың еркіне бағынбай бетіне қарай ысырыла берді. – Ағаң прокурор, жағдайларың жақсы шығар, - деді тағы да тосын сұрақ қойып. – Онда не жұмысың бар? – деп едім, сәл жүні жығыла қарады. – Біз элита емеспіз бе, - деді бұл жолы бетіме шұқшиып. – Шемішке сатқан көрістің қызында нең бар. – Бетінде мейірімнің ізі жоқ, сұп-суық. Неткен қатыгез қыз. «Элита» деген сөзіне түсінбедім. Менің білетінім – біз қарапайым қазақпыз, кетпен шапқан диканның баласымыз. – Біз деревнямыз ғой, - дедім білген орышамды сөзге қосып. Шиеліге барғанда аудан орталығының таныс балдары «Деревня, хал қалай?» деп сөйлейтін. Сол есіме түсіп отыр. Ол жалт қарады да, қараңғыда жұмыс ете қалғандай болды. Бұрынғыдай емес, бір нәрсе жанына әсер еткен сияқты. – Сен деревня емессің. Ағаң прокурор, атаң герой, - деп тағы да менің отбасыма шолу жасады. Мына қыз бастықтың қызы болса да Фросяның тырнағына татымайды екен. Адам қызығатын сөз айтпайды. Өткен жолы Фросяға: «Екі жылдан кейін 10-шы класты бітіреміз. Екеуміз Алматыға барып оқуға түссек қой» деп едім, «Оған әлі екі жыл бар. Асықпа. Түсеміз», - деп мені құшақтап, өзіне тарта берді. Осы жолы тұртіп тұрған төсіне көкірегім тигенде денем шым ете қалды. «Қандай жақсы, қандай жұмсақ, бойым балқып барады».

- Иә, екі жыл қалды, - деді Фрося біртүрлі қамығып. Ал, мына Галя әлі маған пышақ елі жақындаған жоқ, саусақ ұшында тмигізген жоқ. Осындай да кездесу бола ма екен? Өзі шақырғасын өзі бастамай ма? – Сендердің жеңіл машиналарың бар ғой. Атаңның «УАЗигің» өзің айдайсың ба? – деді сәл бөгеліп. «Оны қайдан біледі. Мына қыз барлаушы емес пе?» – Айдаймын. «ИЖ» деген мата-секлім де бар. Сықылықтап күліп жіберді. – Матасеклі емес, мотоцикл десеіші, - деп түзету енгізді. – Капиталист, - деп күбірледі. – Не айтқанын түсінбедім. – Ана көріске жолама, - деді тағы да. Дәл бір менің шешем сияқты. – Тоңып кеттім, - деп орнымнан ұшып тұрдым да, келген ізіммен аяқ жолға түсіп, тұра жүгірдім. Бар болғаны осы. Ертеңіне Фрося менімен сөйлескен жоқ. Сапқа тұрған ертеңгілік жиыннан кейін горн мен барабанды Фросяға тапсырамыз. Ол суық қол созып, бетіме тура қарамады. Тіл қатпады. Осы күннен бастап Галя Тайманова мені иемденіп алды. Суға түссек те маған жақындап, алау жаққан түнде өңге балқып отырсам да қасыма келгіштеп қоймайды. Мен қашақтап жолағым келмейді. Тура кездесіп қалса, бұрылып кетемін. Бір күні алаудың шоғын өшіріп жатқанда қасыма жетіп кеп «Предатель!» - деді ызбарлана тіл қатып. Жақсы сөз емес екенін білдім, бірақ дәл аудармасын таппадым. Фрося мені көрсе бетіме тура қарамай бұрылып кететін болды. Көріс қыздан осылай айрылдым. Лагерьдегі отыз күн де осылай зырлап өте шықты. Фрося бір күн бұрын қоштаспастан кетіп қалды. Галыны әкесінің шопыры келіп, машинасымен алып кетті. *** Келесі жылы пионер лагерінің есігі тарс жабылып, қайта құрудың құлпы салынды. Бұл – қайта құрудың кішкентайларға тартқан сыйы болды. Мен болсам, Фросяны іздеп шарқ ұрып жүрмін. Жат-

сам да, тұрсам да ойымнан бір кетпейді. Бар бәле сол Галядан келді. Галядан емес, өзімнен, табанымың бүрі жоқ, неге оның еркіне бағынып, кездесуге бардым. Тәжірибем де жоқ, бұрын ең кемі екі қызбен жүрсем осылай болмас еді. Хат жазсам ба екен? Әдірісін де алмаппын. «ИЖ» матасекіліме мініп, «көріс колхозды» аралап жүріп, үйін тауып алармын. Алақандай ауыл ғой. Фросяның сондай сағындым. Галыны көргім келмейді. Бар бәле содан. Соның әкесінің қызметіне қызығып, оның үстіне лагерде тікелей соған бағынды дегесін... Өз әкемнің сөзі де қамшы болды. «лауазымы барлардың балдарымен жақын жүр» деп... Екеуі қосылып, Фросядан айырды. Жүрегім өртеніп, ішім ұдай ашиды. Ол өкпелеп кетті, енді қалай бетін қайтарам. Өуелі тауып алайын. Әдірісін де білмеймін. Енді тарылдақ «ИЖ»-ге отырып ап, «көріс колхозды» аралап, үй-үйді тінтілегеннен басқа амал жоқ. Бірақ, ол қыз бала, төмен етек, оның үстіне мектеп оқушысы, әке-шешесі естісе ұят боп қалмас па екен? Таптым. Іздеген таппай қалмайды. Хатты базарда отырған әжесіне апарып берем. Әжесі ашып оқыса қайтесім. Ол оқымайды, ол сондай мейірімді, өсекке, жел сөзге жоқ адамдар. Не де болса хатты әжесіне тапсырамын. Сонда не деп жазам. «Фрося! Сен мені түсінбей жүрсің. Әдірісінді айтып, хат жаз. Сонда бәрін айтамын. Қуантай» деймін. Артық сөз айтпаймын. 1958 жылы шыққан «Орысша-қазақша сөздікті» ауыл кітапханасына барып ақтарып отырып, Галя айтқан «Предатель» деген сөздің аудармасын тауып алдым. «Сатқын» деген сөз екен. «Мен сені сатқан жоқпын» десем... жоқ, оны кездескенде айтармын. Бұл сөзді кейінге қалдырдым. Бір бет қағазды үшбұрыштап бүктеп едім, көзге қораш көрінді. «Бұл кинодан көрген соғыс кезіндегі хат емес қой, қазір заман басқаша. Онан да конвертке салалыды. Конвертке сап, желімні тіліммен бір жаладым да, «Кому» деген тұсқа «Ким Фросяға» деп жаздым. Бір дәу стакан шемішке аламын да, «Мынаны Фросяға бере салыңызшы» деймін. «Бір рет бетпе-бет жүздесті, қалтамды толтырып шемішке салып берді, ұмытпаған шығар». Сабақтан кейін хатты көстемімнің ішкі қалтасына салтып, торсеткіні қолыма ұстап, тас жолға түсіп, Шиеліге қарай құстай ұштым. Шешем жүрегімнің дүрсілін айтпай-ақ сөзеді, бәрін жүріс-тұрысымнан біліп қойды. – Қайда барасың? – Шиеліге, моншаға... – Бүгін базар күн емес қой. – Бір күн ерте барам. Мен 9-сыныпты бітіретін түбіт мұрт жігітпін. Маған ешкім де кедергі келтіре алмайды. Тек табанымың бүрі жоқ, әйтпесе жігіттігім бір басым жетеді. Енді түзелетін шығармын. Басыма таяқ тиді ғой, бір жылда біраз нәрсеге көзім жетті. Базардың да базар сиқы қалмапты. Тізіліп отыратын шемішкеші әйелдердің орнында зәңкііп қос қабатты үй тұр. Германияда екінші сорт болғанша, Шиеліді жоғарғы сорт боп жүрмеймін бе?» деп жылап көрісіпті қайтып оралғанда. Фрося да қайтып келсе ғой. Туған жерін қалай қиып кетті екен. Бірақ, олар алған бетінен қайтпайды, тірлікті адал істеп, кетпенде адал қолмен шабады. Бізге күріш егуді үйретіп кетті, енді өзім шемішке егуді үйренем. Таңдайыма шемішке дәмі білінді, Фросяның әжесі қалтама салған шемішке қандай тәтті еді. Бала күнімнен шемішке шақтым, бірақ сол бір стакан шемішкенің

дәмі өмір бойы таңдайымда қалып қойды. Фросяның әжесі отырған жерде қазір тірі жан жоқ. Базарды айбақ-сайбақ қып қоршап қойыпты. Балдардың таңдайына тәтті боп тиер шемішке де көзден бұлбұл ұшты. Мал базар да ала жіппен қоршаулы. Бұл – құрылыс жүріп жатыр деген белгі. Сиырдың мөңіреген жуан даусы мен қара қойдың маңыраған жіңішке үні де естілмейді. Тіпті, өзіміздің төл дақылымыз – кірпі де пойыздан сатып алып жүрміз. «Бардан жоқ жасап жүрміз ғой» деп алам анда-санда бұрқ-бұрқ етеді. Екі шақырым жол екі күндік жолдай алыстап кетті. Әйтеуір қалтама өз қолыммен жазылған хат бар. Соны медет тұтып келемін. Шын көңіліммен, бар өнерімді салып жазылған хат ғой. Былтыр бір стакан шемішкені көріс әже лақ еткізіп төңкерсе салған қалтамды сыртынан тағы бір сипап қойдым. Сол шалбар, сол қалта, осы шалбарды бұтымнан шешкім келмейді. Хат қара көстемімнің ішкі қалтасында, оны да сыртынан бір сипадым. Осы екеуі көңіліме медет боп келеді. Егер Фрося келмесе мекен-жайын тауып ап, жер аяғы кеңіп, өзіме-өзім келіп, жігіт болған соң артынан барып қайтамын. Мен онсыз да жігіт емеспін бе? Бір мезет ішім шым ете қалды. Қысық көз көріс қыз өзіне ұқсас басқа біреумен жүріп кетіп жүрмесе... Жоқ, ол мен емес, ондайға бармайды. Жүрек тұсым мұздай болды. Хатты сыртынан тағы бір сипап қойдым. Аяқ алысым да жиілей түсті. Баяғы өзіміз суға түскен дәу арнаның бойын жағалап келемін. Тас жол арнамен қатар тартылған. Осы арна біздің ауылдың тұсынан өтеді. Өне, Көдірекеп бауының төбесі көрінді. Фрося екеуміз түбінде кездескен көрітал орнында тұрған шығар, ешкім кесіп тастамаған болар. Қазір қарайған ағашты кесіп тастау түк емес, ештеңенің иесі жоқ заман боп тұр. Басқа басқа, ауылдағы дән суырған күріш қырман таздың басындай тап-тақыр боп жалтырап жатыр, қолы ұзын біреу дән суырған жерге баласына арнап тап соқпақшы дейді. Лагерь үйінің маңдайшасы көрінді, әзір бұзылмапты, бұған да шүкір. Анау төбесі көк тіреген көрі самбіт тал... сол күйі тұр. Арна жағысынан төмен қарай құлдиладым. Қою топырақты борп-борп басып, аяғымды әрең алып келемін. Сол көрі талға жетіп жығылып, қатпар-қатпар бүдіріне қолымды тигізсем... Сол жерде Фрося тұрғандай, мені күтіп, дегбрі кетіп, тапал орындыққа бір отырып, бір тұрады. Қасына жеткенше кетіп қалмаса екен. Қазір жетем. Ол мені түсінеді, көшіреді, сатқын емес екенімді біледі. Балағым малмандай боп шаңға малынды, асыға басқан сайын делендеген балағымнан боз топырақ бұрқ-бұрқ етеді. Апана да шынымды айтам, енді ештеңені де жасыруға болмайды. Аз қалды, әйтеуір хат қалтамда. Асау арнаның жағасы алыстап, көрі талға таяқ тастамдай жер қалды. Сол жерде Фрося мені күтіп отыр. Тез жетпесем кетіп қалуы да мүмкін. Маған деген қара қазандай өкпесі бар ғой. Бәрін айтып, өзімнің «предатель-сатқын» емес екенімді түсіндіріуім керек. Сол үшін тез жетіуім керек. Сідік шап-тырымдай жер қалды. Лагерьдің маңдайшасы ғана бүтін, қабырға кірпіші біреулер бұзып алыпты. Көрі талға ешкімнің шамасы келмес, оған ешкім де қол тигізе алмайды, оған ешқандай балтаның жүзі өтпейді. Ол біздің алғаш кездескен жеріміз. Сол жерге жетіп жығылсам болғаны, басқа ештеңенің керекі жоқ. «Үйге қайт» деген апамның даусы құлағымда күңгір ете қалды. «Кәрі талды бір көрмей қайтпаймын» деп ішкімнен жауап бердім. Жетіп қалдым,

міне, міне... Қарашы, тапал орындықты да біреу түбінен жұлып әкетіпті. Бұ заманға не болды? Қарайғанның бәрін жоқ қылып... Фрося екеуміз отырған жер осы. Сол жерді бір көріп, табаным тисе болды. Сол шемішке салған боп-бос қалтамды сыртынан тағы бір сипай бергенде қара тұфлімнің үшкір тұмсығы кесілген ағаштың түбіртегіне тиіп, етбетімнен түстім. Тізем ұдай ашып, тұра алмай қалдым. Құлап жатып төңіректі бір шолып шықтым. Шөп басы сарғая бастапты. Фросяны көрмегеніме де бір жыл болғаны ғой. Ауырсынып жатып сарғайған жусанды уыстадым. Жусанда да иіс қалмапты. Мейлі, біраз жата тұрайыншы. Қандай рахат. Дәл осы жерде Фрося екеуміз құшақтасып тұрғанбыз. Енді сол жерде майып боп етбетімнен түсіп жатырмын. «Көріс колхозға» тағы бір барып, толық әдірісін тауып аламын. Көріс Елі деген немене, тұк те алыс емес, мынадай самолет самғап жатқан заманда... Оған әкемнің дәулеті жетеді, ағам болса прокурор. Келесі жылы мектеп бітірем, өз еркім өзімде, мен де бір еркін самғаған құспын, құлашымды кең жазып самғаймын. Ал, мына жатысым не жатыс? Оң тізем ұдай ашиды, шалбарымның тізелігі күлдіреп қалыпты. Ауырсына орнынан көтеріліп, ақсаңдай басып көрі талға жеттім де, бүдірбүдір қатпарына алақанымды тигізіп біраз тұрдым. Бойым босап, көзімді жұмдым, сонда да көз алдымнан Фрося кетпей қойды. Балағым делендеп, шаңша боп арнаның жағасына қайта шықтым. Бұрынғы асау арна суы тартылып құлазып тұр, егін суғаратын да ешкім жоқ, бұрынғыдай толып ақпайды. Біздің ауылдың қазіргі көрісі – зымыранды аспанға атқан Байқоңыр мен қытайлықтар бас-көз боп жұмыс істеген уран алқабы боп тұр. Боз топырақты борп-борп басқан түбіт мұрты ауылды бетке алды. «Тізе деген не тәйірі, бас аман болсын» деп өзіме-өзім дем бердім. Артыма бір қарасам, біреулер қорбаңдап, көне лагерьдің есігін бұзып ап жатыр. Алсын. Кәрі талды қыркуға ешкімнің қолы бара қоймас. Ол да адам сияқты табиғаттың тірі жемісі, ол да өз ажалынан өлуі керек. Әлі-ақ Фрося екеуміз көрі талдың түбіне келеміз. Мектеп бітіруімізге бір-ақ жыл қалды, қайта құрудың адамдары сонша асығыс емес шығар, көрі адамдар мен көрі талдарға тиісе қоймас. Өзіме-өзім дем беріп келемін. Тіземнің ауырғаны қойды, бірақ шалбарымның тізелігі күлдіреп тұр. «Бұған не болды?» деп алам сөзсіз сұрайды. «Сүрініп құладым» деймін. «Киялы деген атым бар емес пе, ойланып келе жатып етбетімнен түстім» деймін. Адам болған соң сүрінбей тұрмайсың, бұған да жауабын дайын. Тек үйге ақсаңдамай жетсем болғаны, әйтпесе көзге түсіп қалам. Оң қолым былтыр шемішке салған қалтам мен хат тұрған ішкі қалтамды тағы бір тінтіп шықты. Бәрі де орнында. Келер жылы он екі мүшөм сау болса Фросяны бір көріп қайту үшін көрістердің еліне аттанам. Енді сол күнді күтемін. Өне, қара, апам үй тұсында күн салып жолға қарап тұр. Осы біздің апам мен Фросяның мінез-құлқы сондай ұқсас, әредік қимыл-қозғалысы да ұқсас кетеді. Шиеліден келгенде шыр-шырт еткізіп шемішке шағып келетін баласы бұ жолы сәл сылты басып, құрқол келе жатыр. «Шемішке алмағансың ба?» деп алаңқай шемішкенің сұрағы анық. Жауабым дайын. «Оған мен емес, қайта құру кінәлі».

«Осы, тұқымын құрғыр, қайта құрылмаса болмай ма екен, бәрін түк қалдырмай жапырып...». Аламның да қайтарар жауабы құлағыма келді. Апамды да, Фросяны да сондай жақсы көріп кеттім. Апам жақындап қалдым, Фрося болса алыста. Тізем сәл-сәл сыздаса да, тез-тез басып келемін. Фросяға ұқсаған апамның сұлу жүзін тезірек көрсем деймін. Сонда сәл де болса жеңілдеп қалар едім...

адебiportal.kz
(Соңы. Басы алдыңғы санда)

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көжояр көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірінмен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1207 дана. Тапсырыс 1217 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

АЭС КАРТАСЫ:

ӘЛЕМДЕГІ АТОМ ЭНЕРГЕТИКАСЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ

АТОМ ЭНЕРГЕТИКАСЫ ӘЛЕМДІК ЭЛЕКТР БАЛАНСЫНЫҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІ, ӨЙТКЕНІ ОЛ ӘЛЕМДІК ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫНЫҢ ШАМАМЕН 10 ПАЙЫЗЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ. КЕЙБІР ЕЛДЕР ЖҰМЫС ІСТЕП ТҰРҒАН АТОМ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНУДАН БАС ТАРТЫП ОТЫРСА, БАСҚАЛАРЫ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ ҮШІН АТОМ ЭНЕРГЕТИКАСЫНЫҢ ҮЛЕСІН АРТТЫРЫП, ЖАҢА АТОМ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯЛАРЫНЫҢ БЕЛСЕНДІ ҚҰРЫЛЫСЫН ЖҮРГІЗІП ЖАТЫР. ҚАЗАҚСТАН ДА ЕЛДЕГІ АЛҒАШҚЫ АТОМ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫН САЛУ МҮМКІНДІГІН ҚАРАСТЫРЫП ЖАТЫР, БҰЛ ҚОҒАМДА ПІКІРТАЛАС ТУДЫРДЫ, - ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ MASSAGET.KZ ТІЛШІСІ.



АЭС-ТІҢ ДАМУ ТАРИХЫ

Ядролық технология алғаш рет 1940 жылдары құрастырылған. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде зерттеулер бомба өндірісіне бағытталды. Ал 1950 жылдары назар ядролық бөлінуді бейбіт мақсатта пайдалануға, атап айтқанда, электр энергиясын өндіруге ауысты. Әлем үшін маңызды оқиға бірінші атом электр станциясының құрылысы болды. Ол 1954 жылы 27 маусымда Калуга облысының Обнинск қаласында (КСРО) іске қосылды. Оның қуаты 5 мегаватт болды. Қазіргі уақытта Обна атом электр станциясын пайдаланудан шығарылды және оның базасында атом энергетика

WNA мәліметтері бойынша әлемде 31 елде орналасқан 439 белсенді атом реакторы бар. Бұл реакторлар әлемдегі электр энергиясына деген қажеттіліктің 9 пайызын қанағаттандырады. Мысалы, Францияда 2023 жылы электр энергиясын өндірудің жалпы көлеміндегі атом энергетикасының үлесі 70 пайызға тең. Сондай-ақ атом энергетикасының әсерлі үлесі Словакияда - 61,3 пайыз, Венгрияда - 48,8 пайыз, Финляндияда - 42 пайыз, Бельгияда - 41,2 пайыз, Болгарияда - 40,4 пайыз, Чехияда - 40 пайыз байқалады. "Жасыл" елдерде - Швейцария мен Швецияда атом энергетикасының үлесі сәйкесінше 32,4 пайыз және 28,6 пайыз. БАӨ және АҚШ сияқты

атом электр станциясы орналасқан. Бельгия, Финляндия және Словакиядағы бес реактор. Швейцарияда, Венгрияда, БАӨ - 4, Аргентинада - 3 реактор. Бразилияда, Болгарияда, Мексикада, Румынияда, Оңтүстік Африкада және Беларусьта екі реактор және Словенияда, Арменияда, Нидерландыда және Иранда бір реактор бар. Коммерциялық атом электр станцияларынан басқа, 50-ден астам елде 220-ға жуық зерттеу реакторлары жұмыс істейді. Ғылыми зерттеулер мен оқытуда қолданудан басқа, бұл реакторлардың көпшілігі медициналық және өндірістік изотоптар шығарады. Германия 2023 жылға дейін атом энергиясын өндіретін елдердің қатарында болды, бірақ кейін атом электр станцияларынан мүлдем бас тартты. Былтыр 15 сәуірде елдегі соңғы үш Атом реакторы - Бавариядағы Isar 2, Төменгі Саксониядағы Emsland және Баден-Вюртембергтегі Neckarwestheim 2 - желіден ажыратылды.




мұражайы құрылды. Сурет: nrgregion.ru
Обна реакторынан кейін 1956 жылы Ұлыбритания өзінің

мұнай-газ салаларында сәйкесінше 19,7 пайыз және 18,6 пайыз бар. Қазіргі уақытта ең көп жұмыс

атом электр станциясының құрылысы бойынша 2-орында тұр, оларда 7 блок бар. Ресейде, Түркияда және Египетте төрт атом электр станциясы салынып жатыр. Оңтүстік Кореяда, Ұлыбританияда, Бангладеште, Жапонияда және Украинада екі атом реакторының құрылысы жүріп жатыр. Аргентина, Бразилия, Франция, Иран және Словакияда бір атом электр станциясы салынып жатыр. Ал Түркия мен Бангладеште атом электр станциялары

ҚАНША АЭС САЛЫНЫП ЖАТЫР?

Қазір әлем бойынша 64 ядролық реактор салынып жатыр, олардың көпшілігі Қытайда - 30 энергоблок. Үндістан атом электр станциясының құрылысы бойынша 2-орында тұр, оларда 7 блок бар. Ресейде, Түркияда және Египетте төрт атом электр станциясы салынып жатыр. Оңтүстік Кореяда, Ұлыбританияда, Бангладеште, Жапонияда және Украинада екі атом реакторының құрылысы жүріп жатыр. Аргентина, Бразилия, Франция, Иран және Словакияда бір атом электр станциясы салынып жатыр. Ал Түркия мен Бангладеште атом электр станциялары



алғашқы атом электр станциясын салды. 1958 және 1960 жылдары АҚШ-та екі атом электр станциясы пайда болды, содан кейін - 1973 жылы Қазақ КСР аумағында (Маңғыстау облысы, Қазақстан) Шевченков атом электр станциясы салынды. - Шамамен).

ҚАЗІР ӘЛЕМДЕ ҚАНША АТОМ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫ БАР?

істейтін атом электр станциялары АҚШ аумағында орналасқан, елде барлығы 94 реактор бар. Алғашқы ондыққа: Қытай - 56 реактор, Франция - 56, Ресей - 36, Жапония - 33, Оңтүстік Корея - 26, Үндістан - 23, Канада - 19, Украина - 15, Ұлыбритания - 9 реактор кіреді. Испания аумағында жеті атом реакторы, Чехия, Пәкістан, Швецияда - әрқайсысы алты



АЭС НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ?

World Nuclear Association мәліметінше, әлем халқы мен экономикасы өскендіктен, болашақта энергияға сұраныс айтарлықтай артады. Біріккен Ұлттар ұйымының (БҰҰ) бағалауы бойынша, әлем халқы 2024 жылы шамамен 8 миллиардтан 2050 жылға қарай шамамен 9,8 миллиардқа дейін өседі. Урбанизация процесіне сәйкес, 2050 жылға қарай әлем халқының шамамен үштен екісі қалалық жерлерде өмір сүреді. Сондықтан зиянды парниктік газдар шығарындарын азайтып, энергияға деген жылдам өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыру міндеті маңызды. 2023 жылы энергиямен байланысты көмірқышқыл газының (CO2) жаһандық шығарындары 37,4 гигатоннаға дейін өсті, бұл рекордтық ең жоғары көрсеткіш және 2000 жылдың жалпы көрсеткішінен 60 пайыздан астам (23,2 гигатонна). Атом энергиясы - шығарындары төмен электр энергиясын өндірудің екінші үлкен көзі (гидроэнергетикадан кейін). Ол төмен көміртекті, өмірлік циклдің жалпы шығарындарын ескеріп, өндірілген энергия бірлігіне көмірқышқыл газының эквивалентінің ең төменгі мөлшерінің бірін шығарады. "Ірі ұйымдардың болашақ энергиямен жабдықтау туралы есептерінің барлығы дерлік атом энергетикасының рөлін кеңейту қажеттілігін көрсетеді, сонымен қатар тұрақты өсуі қажет", - деп жазды World Nuclear Association.

ҚАЗАҚСТАНДА ШЕ?

Әлемдегі алғашқы жылдам нейтронды ядролық реактор Қазақстан аумағында - қазіргі Ақтау, бұрынғы Шевченко қаласында салынды. Ол 1973 жылы 6 шілдеде пайдалануға берілді. 1993 жылы шілдеде оның жобалық мерзімі аяқталды. Осыдан кейін реактордың жұмысы негізгі жабдықтар мен жүйелердің нақты жағдайын талдау негізінде жыл сайын ұзартылып отырды. Ал 1999 жылы Үкімет БН-350-ді пайдаланудан шығару туралы қаулы қабылдады. Бұл процесс оңай емес және ол 50 жылға созылуы керек, ал біз осы мерзімнің жартысын жоғалттық. Айта кетейік, бұған дейін Қазақстанда атом электр станциясын салу мәселесі бойынша қоғамдық талқылау өткен болатын. 2024 жылы 6 қазанда Қазақстанда республикалық референдум өтеді.

ЫРЫМ ҚЫРЫН КЕТПЕЙДІ!

ҚАЗАҚТЫҢ ТЫЙЫМ СӨЗІ – ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ КӨЗІ. ЫРЫМ-ТЫЙЫМ КӨБІНЕСЕ БАЛАЛАРДЫ ЖАМАН ӨДЕТЕН, ЖАТ ПИҒЫЛ, ЕРСІ ҚЫЛЫҚ, ӨДЕПСІЗ ІСТЕРДЕН САҚТАНДЫРУДА МАҢЫЗДЫ РӨЛ АТҚАРАДЫ.



Осы орайда, этнограф Зейнеп Ахметованың халық арасында кең таралған тыйым сөздерге берген түсініктемесіне зер салсақ...

«ӨКЕСІ ТІРІ КІСІ БАС ҰСТАМАЙДЫ»

Адамның Алладан кейінгі пірі – өзін өмірге әкелген ата-анасы. Қазақта әке – шаңырақтың тірегі, отбасының тұтқасы. Осындай алдыңда асқар таудай әке тұрғанда баласы бас ұстап, әкенің жолын кесуді ойына да алмаған, бұл – қазақтың ұғым-түсінігіне мүлде жат қылық. Тіпті өзі балалы-шағалы болса да, егер әкенің көзі тірі болса, бас ұстамайды. Қайта әкенің амандығын тілеп, өзінің әлі де әкелі «бала» екеніне шүкіршілік етеді.

Әке өмірден өткен жағдайда көрші-көлем, дос-жаран марқұмның қырқы өткен соң қаралы үйдің қамкөңіл адамдарын қонаққа шақырады. Оны бір жерде – «көңіл-шай», тағы бір өңірде «жұбату шай» немесе «еңсе көтеру» деп те атайды. Қалай аталса да, басқаның қайғы-қуанышымен көтерісе білетін көңілге қарағыш халқымыздың бұл да бір текті ғұрпы. Осындай қонақтықта жөн білетін үлкен кісілердің бірі ұлына: «Қарағым, енді әкенің орнын жоқтатпай шаңыраққа ие болатын сенсің. Отбасының береке-құтын жұтатпай үй ішіне қамқор бол, әкенің түптінін түзу шығаруына Алла несіп етсін!» – деген секілді тілектерді айтып, алдына бас тартады. Бұл – тек бас мүжу емес, азаматқа жүктелген үлкен міндет.

«НАНДЫ БІР ҚОЛМЕН ҮЗБЕЙ»

Нан – қасиетті, наннан үлкен дәм жоқ. Адам кез келген тағамды екі-үш күн үзбей қабылдаса, ол канша дәмді, құнарлы болса да, сол тамаққа тәбеті ашылмайды. Ал нанды күнде жесе де жалықпайды. Бір күн үйінде нан болмаса, дастарқаның ортасын аштықтан өзегі талып үзілуге шақ қалған адам ет те, май да, тәтті де емес, бір үзім нан сұрайды. Аштықтан бұралған жан дайын нан түгілі, бес-алты түйір бидай дөнін талмап сорып, сол сәтте аман қалады. Бидайдың құрамында адам бойына нәр беретін, қуат дарытатын ағзаға қажеттінің бәрі бар. Бидай жайлы бір өңімінен білетінбіз. Ол былай айтылатын:

Күллі адамзаттың ата-анасы – Адам ата мен Хауа ана білістің арбауына түсіп, күнә жасап, пейіштен Жерге қуылғанда ит оларға серік болып бірге кетіпті. Сонда иттің екі ұртында пейіштің дөні – бидай болған. Бидай Жер бетіне содан таралып, адамның негізгі ырыздығына айналған. Итті жеті қазының бірі деп сондықтан айтады. Бұл аңыз тек қазақ ғана емес, түркі халықтарының көпшілігінде бар. Өжелеріміз «итті аш қалдырмандар, иттің басынан тепкендер, ит жеті ырыстың бірі, біз иттің несібесін жеп жүрміз» деп айтушы еді. Қазақта үйге келген кісі қанша асығыс болса да, өзге тамақтан емес, наннан ауыз тиіп шығады. Адамдардың арасындағы ынтымақ-бірлік бір-біріне деген сыйластық дастарқандағы нан арқылы нығая түседі.

«Жамандық арқандаулы ат секілді, қайтып айналып қазығын табады» деген бабаларымыз. Бұл да өмір шындығы. Кішкентай кезімізде ата-анамыз: «Жерде жатқан нанды көрсең өңкейіп ал, биіктеу жерге қой, құс шоқып жесін, сауабы тиеді. Тістеген наныңды қалдырмай тауысып же, несібен кем болмасын, нанды уатпа, уатсаң же. Бір қолмен нан үзбе, кесіп болады, кесірден басыңа кесепат келеді. Нанды қорласаң, ақыры өзің сорлайсың», – деген секілді ескерту, ақыл сөздермен тәрбиелейтін. Қай кезеңде болсын нанның қасиеті туралы аз жазылған жоқ.

«АҚТЫ ТӨКПЕЙ, АҚТЫ БАСПАЙ»

Ақ дегеніміз – сүт, айран, кілегей, қаймақ, қатық, саумал, қымыз, шұбат... Бұларды «ағарған» деп те атайды. Парызы да, қарызы да, өмірлік мәні де ерекше ананың ақ сүтін қасиеттейтін халқымыз малдың сүтін де ардақтайды. Қазақтар тіршілік ету салтына қарай малды көп ұстаған халық әрі төрт түліктің қадірін, бабын жетік білген. Ақтың адам ағзасына ұшан-теңіз пайдалы екенін өте ертеден ұққандықтан сүт өнімдері қазақ дастарқанының мәні мен сәні, берекелі азығы.

«Ақты қорлағанды ант ұрды» деп «ақты төкпе», «ақты баспа» деген секілді тыйымдар мен аққа байланысты ырымдарды тұрмыста берік қолданады. Айтайық, жолға шығып бара жатқан жолаушыға ақ ішкізіп аттандырып: «Ақ жол болсын!» – деп тілек айтады. Тіпті үйге кіріп кеткен жыланның басына ақ тамызып шығарып жібереді. Босағадан бас сұққан жылан екеш жыланға да қастық жасамай, көңілдің түзулігін, пейілдің ақтығын сүт арқылы білдірген. Өздігінен бәле іздемейтін бейбіт, текті халықтың басқаға ұқсамайтын бұл да бір ерекшелігі еді. Тілімізде «ақ сақалды ата», «ақ жаулықты ана», «ақ күнә жасап, пейіштен Жерге қуылғанда ит оларға серік болып бірге кетіпті. Сонда иттің екі ұртында пейіштің дөні – бидай болған. Бидай Жер бетіне содан таралып, адамның негізгі ырыздығына айналған. Итті жеті қазының бірі деп сондықтан айтады. Бұл аңыз тек қазақ ғана емес, түркі халықтарының көпшілігінде бар. Өжелеріміз «итті аш қалдырмандар, иттің басынан тепкендер, ит жеті ырыстың бірі, біз иттің несібесін жеп жүрміз» деп айтушы еді. Қазақта үйге келген кісі қанша асығыс болса да, өзге тамақтан емес, наннан ауыз тиіп шығады. Адамдардың арасындағы ынтымақ-бірлік бір-біріне деген сыйластық дастарқандағы нан арқылы нығая түседі.

Ойыл аудандық аурухана ұжымы Ойыл аудандық ауруханасының жедел жәрдем фельдшері Хасенов Асланға бауыры, ағасы **Айбектің** қайтыс болуына байланысты отбасына, ағайын – туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.